

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылдың «13» наурыз № 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ӘУЕ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ, 2025 жыл

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	7
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	10
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	11
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	12
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	14
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	14
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	16
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	17
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	19
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	19
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	20
17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР	20
№1 Қосымша.....	22
№2 Қосымша.....	22
№3 Қосымша.....	23
№4 Қосымша.....	24
№5 Қосымша.....	25

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Әуе көлігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай Әуе көлігін ерікті сақтандыру шартында (бұдан әрі – Шарт) осы Ереженің шарттарынан айрықшаланатын шарттар белгіленуі мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – Сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) сақтандыру полисі – Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген және Сақтандырушы Сақтанушыға беретін үлгілік шарттарға (сақтандыру ережесі) Сақтанушы қосу туралы құжат (қосу келісімшарты);

4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

5) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

6) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

7) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;

9) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

10) шынайы құн (сақтандыру құны) – сақтандыру шартын жасаған күні әуе кемесі орналасқан жердегі әуе көлігінің құны;

11) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылатын) және шартсыз (азайтылмайтын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

12) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

13) сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайының ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар оқиға, сол оқиғаның басталуынан сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайды;

14) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

15) әуе көлігі/әуе кемесі – жер (су) бетіндегі ауамен өзара әрекеттесуден айрықшаланатын атмосферада ауамен өзара әрекеттесу арқылы ұшатын ұшу аппараты. Әуе көлігі/кемесі түсінігі оның корпусын,

қозғалтқышын, шассиін, электр және гидравликалық жүйесін, ол жабдықтар ұшуды қамтамасыз етуге байланысты болған жағдайда, бортқа орналастырылған басқа да арнайы жабдықтарды қамтиды және лайықты түрде рәсімделген тиісті құжаттары болады;

16) агрегат – әуе кемесінің құрамдас бөлігі, сол бөлігіне жөндеу аралық ресурс орнатылады және оған жеке паспорт немесе формуляр рәсімделеді;

17) «басқару» - өзінің қозғалтқыштарының тарту күшінің әрекетінен тұрақтан атқару стартына ұшу алаңында (ұшу акваториясында) немесе жүру аяқталғаннан кейін тұраққа (зәкірге) қою үшін қозғалатын уақыт кезеңі;

18) «тұрақ» - әуе кемесі ұшуда, басқаруда және зәкірде болмайтын уақыт кезеңі;

19) «ұшу» - ұшақ (планер) үшін – ұшу кезінде ұшақтың (планердің) қозғалысы бастап немесе атқару стартында тоқтамастан ұшу кезінде қозғалтқыштардың жұмыс режимінің артуынан бастап қонған кезде жүрісі тоқтағанға дейінгі уақыт кезеңі. Тік ұшақ үшін – тікұшақтың ұшу кезіндегі жүрісінен бастап (тік ұшу кезінде «адым-газ» алудан бастап) қонған кездегі жүрістің соңына дейінгі (тік ұшу кезінде «адым-газды» жібергенге дейінгі) уақыт кезеңі. Басқа ұшу кемелері үшін – жердің бетінен көтерілгеннен бастап қонған кездегі жер бетіне алғашқы түйіскен сәтке дейінгі уақыт кезеңі;

20) әуе кемесінің зақымдануы – конструкция бүтіндігінің бұзылуы немесе әуе кемесіне сырттан кездейсоқ келген ықпалдың нәтижесінде тораптардың (агрегаттардың) бұзылуы, соның салдарынан апаттың жөндеу жұмыстарын жүргізуге алып келу;

21) әуе кемесін апаттық жөндеу – оқиға нәтижесінде әуе кемесі зақымданғаннан кейін оны қалпына келтіру үшін орындалатын жоспардан тыс жөндеу жұмыстары;

22) авиациялық оқиға – әуе кемесін ұшу шарасын орындау мақсатында пайдалану кезінде кеменің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты орын алған, бірақ авиациялық оқиғаға алып келмеген оқиға;

23) авиациялық қақтығыс – әуе кемесін ұшу шарасын орындау мақсатында пайдалану кезінде кеменің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты орын алған және адамдардың өліміне, едәуір зақымдануға, әуе кемесінің қирауына немесе жойылуына алып келген оқиға;

24) әуе кемесінің хабар-ошарсыз жоғалуы – әуе кемесі ұшу шарасын орындау кезінде тағайындалу бекетіне ұшып келмеген және оны 60 (Алпыс күн) іздеу бойынша іс-шаралар ешқандай нәтиже бермеген немесе іздеу шаралары көрсетілген мерзімнен бұрын ресми түрде тоқтатылған оқиға. Әуе кемесімен соңғы рет байланысқа шыққан күн мен уақыт немесе әуе кемесінің орналасқан жері белгілі болған күн – әуе кемесі хабар-ошарсыз жоғалған күн болып саналады;

25) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

26) экипаж мүшелері – ұшу құрамындағы адамдар мен қызмет көрсететін персонал. Экипаж құрамы әуе кемесінің түрі мен тағайындалуына, сондай-ақ ұшу шараларын орындау кезінде әуе кемесін пайдалану мақсаттары мен шарттарына қарай белгіленеді және жасаушы мен тапсырыс беруші айқындайды. Қызмет көрсететін персоналға – ұшу уақытында әуе кемесін және оның жабдықтарын басқаруға байланысты міндеттерді орындамайтын экипаж мүшелері: әуе кемесінің тағайындалуы мен ұшу мақсатына қарай жолсеріктер, бортоператорлар және басқа мамандар жатады;

27) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – әр Сақтандырушымен жасалған дербес Сақтандыру шарттары бойынша бірнеше Сақтандырушыда бір объектіні сақтандыру;

28) азаматтық авиация – азаматтар мен экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын авиация.

29) мемлекеттік авиация – әскери, шекара, полиция, кеден және басқа мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ мобилизация-қорғаныс міндеттерін орындау үшін пайдаланылатын авиация;

30) эксперименталдық авиация – эксперименталдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін пайдаланылатын авиация.

1.4. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.5. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтанушының Сақтандыру шартында көрсетілген әуе кемесіне иелік ету, оны пайдалану және билік жүргізу кезеңінде орын алған күтілмеген шығындар мен залалдарға байланысты әуе кемесінің жойылуы, хабар-ошарсыз жоғалуы немесе зақымдануы салдарынан мүліктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Осы Ережеге сәйкес сақтандыруға келесілер қабылданады:

1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы сертификаты (куәлігі) немесе сол құжаттардың орнын басатын басқа құжаттар бар (азаматтық, мемлекеттік және эксперименталдық авиацияның) әуе кемесі;

2) әуе кемесінің бортына орнатылған және лайықты түрде рәсімделген құжаттары (паспорт, формуляр және т.б.) бар әуе кемесінің жекелеген агрегаттары.

2.3. Сақтанушыға иелік ету, пайдалану, билік жүргізу құқығында тиесілі әуе көлігін сақтандыру – сақтандыру мәні болып табылады.

2.4. Сақтандыру шартында екі немесе одан көп әуе кемесін сақтандыру қарастырылуы мүмкін.

2.5. Сақтанушы мен Пайда алушы сақтандырылған әуе көлігінің сақталуына мүдделі болулары тиіс. Сақтанушының және/немесе Пайда алушының сақтандырылған әуе көлігін сақтауға мүддесі болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп саналады.

2.6. Келесідей әуе көлігі сақтандыруға қабылданбайды:

1) техникалық ақау бар;

2) жинақтамасы бұзылған.

2.7. Сақтандыру қорғанысы жүк тасымалдауға, жүктің сақталуына, фрахтқа, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке және т.б. байланысты Сақтанушының мүддесіне қолданылмайды.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі әуе көлігінің шынайы құнынан аспауы тиіс. Қосымша тәуекелдерді сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен белгіленеді және Сақтандыру шартында әр тәуекел бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

3.2. Сақтандыру сомасы бухгалтерлік құжаттардың, нарықтық конъюктураның негізінде, Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі әуе кемесінің баланстық және нарықтық құнына қарай белгіленеді.

3.3. Әуе кемесінің толық сомасына сақтандырылған кезде сақтандыруға келесілер бойынша қабылданады:

1) кәсіпорынның бухгалтерлік есебінің деректері бойынша баланстық құнына қарай (тозуын есепке ала отырып);

2) жүкқұжат шығындарын есепке ала отырып, сатып алу бағасы бойынша;

3) Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі әуе кемесінің орташа нарықтық құны бойынша;

4) қарыз, лизинг шартында көрсетілген сомаға қарай.

3.4. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады және не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса, абсолютті мөлшерде белгіленеді. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әр сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары немесе тәуекелдер орын алған болса, франшиза сомасы олардың әрбірі бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

3.5. Сақтандырушының жауапкершілік көлімі әрқандай жағдайда да сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

3.6. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы әуе кемесінің шынайы құнынан төмен мөлшерде белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін шынайы құнға шаққандағы сақтандыру сомасына тең нақты залал бөлігінің мөлшерінде жүзеге асырады.

3.7. Егер әуе кемесінің шынайы құнын басқа тәсілмен айқындау қиын болса және/немесе сақтандырылған әуе көлігі туралы ақпараттың бұрмалануына әкелуі мүмкін болса, Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша әуе кемесінің шынайы құны тәуелсіз сараптамалық

бағалаудың негізінде айқындалуы мүмкін. Бұл ретте, тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу бойынша шығындарды Сақтанушы өтейді.

3.8. Сақтандырушы өзін Сақтанушы әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартында белгіленген мүліктің құнын Тараптар дауласпайды.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын, оны пайдалану шарттары мен ерекшеліктері, сақтандыру мерзімін, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына ықпал ететін басқа да факторларды есепке ала отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

4.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифтеріне қарай, әрі сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы, әрі әр объекті бойынша және әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

4.3. сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысын белгілеу кезінде тәуекел факторларына: шығарылған жылы, жалпы ұшу сағаты (сағат), соңғы күрделі жөндеуден өткен сәттен бастап ұшу сағаты (сағат), коммерциялық мақсатта пайдалану, ұшу аумағы, экипаждың біліктілігі және т.с.с. қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтерге арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттерді пайдалануға құқылы.

4.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлейді. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Ерекше жағдайларда сақтандыру сыйлықақысын төлеу операция жасалатын күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша басқа елдердің валюталарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4.5. Сақтанушы Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасауға құқылы. Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
толық 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.6. Егер сақтандыру сыйлықақысы немесе алғашқы сақтандыру жарнасы мерзімінде төленбесе, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4.7. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

5.1. Әуе кемесінің осы Ережеде келісілген және Сақтандыру шартында қарастырылған оқиғалардың нәтижесінде зақымдануы, қирауы (опат болуы) немесе жойылуы/жоғалуы – сақтандыру жағдайы болып табылады, атап айтқанда:

1) ұшу әуежайынан ұшу шарасын орындау үшін қозғалтқышты қосқан сәттен бастап қону әуежайында (транзиттік әуежайда) қозғалтқышты өшірген сәтке дейін орын алған авиациялық оқиға немесе қақтығыс;

2) әуе кемесі тұрақта тұрған кезде орын алған дүлей апат;

3) әуе кемесі тұрақта тұрған кезде орын алған үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, атап айтқанда бөтен мүлікті ұрлау, талау, тонау, жойы немесе қасақана немесе абайсызда зақымдау.

5.2. Сақтандыру шартында қарастырылған оқиғалардың нәтижесінде конструкциясының бүтіндігінің бұзылуы немесе тораптарының (агрегаттарының) қирауы, соның салдарынан апаттық қалпына келтіру үшін жөндеу жұмыстарын жүргізу – осы Ережеде әуе кемесінің зақымдануы деп түсініледі.

5.3. Төменде көрсетілген жағдайларда әуе кемесінің толығымен жойылуы – әуе кемесінің жойылуы (опат болуы) деп түсініледі:

1) агрегатының ешбір тікелей тағайындалу мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз болуы;

2) әуе кемесіне қатысты оны қалпына келтіру техникалық тұрғыдан мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп белгіленген жағдайда (әуе көлігінің апаттық жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығын – сақтандыру жағдайы басталған кездегі оның құнының 90%-нан асатын мөлшерде болған кезде), сондай-ақ әуе көлігін тікелей тағайындалу мақсатында пайдалану мүмкін болмаған жағдайда.

5.4. Әуе кемесінің жойылуы/жоғалуы деп келесілер түсініледі:

1) әуе кемесі Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде жүзеге асырылған жоспарлы ұшудан кейін тағайындалу бекетіне келмеген және оның іздеу бойынша іс-шаралар 60 (Алпыс) тәулік ішінде нәтиже бермеген немесе оны іздеу көрсетілген мерзімнен бұрын ресми түрде тоқтатылған жағдай – әуе кемесін жоғалту деп түсініледі;

2) аталған әуе кемесін пайдалану үшін жету қиын және жарамсыз жерге мәжбүрлі қондырудың салдарынан әуе кемесін жоғалту;

3) әуе кемесін ұрлау, талау, тонау салдарынан оны жоғалту.

5.5. Осы Ережеге қатысты дүлей апаттарға келесілер жатады:

1) жер сілкінісі, жерасты отының ықпалы;

2) сел, лай көшкіні, жердің шөгуі, тау-тас көшкіні, тастардың құлауы;

3) дауыл, құйын, қатты жел, сұрапыл жел және атмосферада табиғи құбылыстардың салдарынан туындаған басқа әуе массаларының әрекеті;

4) су тасқыны, су басу, цунами;

5) жерасты суларының жергілікті жер үшін ерекше әрекеті;

6) бұршақ немесе нөсер жауын, егер олар аса қауіпті сипатта болса және жергілікті жер үшін қалыпты емес болса;

7) Сақтандыру шартында қарастырылған басқа да дүлей апаттар.

5.6. Дауыл, құйын, қатты жел, сұрапыл жел және атмосферада табиғи құбылыстардың салдарынан туындаған басқа әуе массаларының әрекетінен келген залал – егер залал келтірген желдің жылдамдығы 80 (Сексен) км/сағ. астам болған жағдайда, өтеледі. Желдің жылдамдығы құзырлы органдар мен ұйымдардың құжаттарымен расталады.

5.7. Лай көшкінінен, жердің шөгуінен немесе басқалай жылжуынан келген залал – егер ол жарылыс, қазандықтардан немесе карьерлерден топырақ алу, бос жерлерді топырақпен толтыру жұмыстарын немесе басқа да дер қазу жұмыстарын жүргізуден, сондай-ақ пайдалы қазбалар кенін өндіру немесе әзірлеу салдарынан туындаған болса, аталған залал өтелмейді.

5.8. Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттеріне келесілер жатады:

1) ұрлап айдап әкету;

2) ұрлау;

3) бұзақылық;

4) өрт қою.

5.9. Жоғарыда аталған тәуекелдердің кез келгені, егер олар Сақтандыру шартында ерекше келісілген болғанда ғана сақтандырылған болып саналады.

5.10. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларының басқа да тізімі қарастырылуы мүмкін.

5.11. Сақтанушы әуе кемесін төменде көрсетілген арнайы бағдарламалар бойынша ұшу шараларын орындау нәтижесінде орын алған зақымдану, жойылу, хабар-ошарсыз жоғалу тәуекелдерінен қосымша сақтандыруға құқылы:

- 1) ұшу сынақтары;
- 2) рекорд жасау, авиациялық техниканы көрсету;
- 3) ұшқыштар құрамын үйрету;
- 4) патрульдеу;
- 5) іздеу-құтқару, апаттық-құтқару жұмыстары;
- 6) тәуекелі аса жоғары басқа жұмыстар.

5.12. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушыға келген қосымша шығындарды өтеу Сақтандыру шартында жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін қарастырылуы мүмкін:

- 1) хабар-ошарсыз жоғалған ұшу ұзақтығының максималды есептік уақыты өткеннен кейін ол туралы ешқандай мәліметтер болмаған, әуе кемесінің (немесе оның қалдықтарының) орналасқан жерін анықтау үшін іздеу жұмыстары;
- 2) әуе кемесін апаттық немесе ықтимал апаттық қондыру кезінде ұшу-қону жолағына көбік себу жұмыстары;
- 3) әуе кемесінің қалдықтарын жинау жұмыстары;
- 4) уәкілетті орган Сақтанушыны міндеттеп қою мүмкін әуе кемесімен орын алған оқиғаға тергеу жүргізу жұмыстары;
- 5) зақымданған әуе кемесінің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары.

5.13. Осы Ереженің 5.12. тармағында көрсетілген шығындарға қатысты сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында белгіленеді.

5.14. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Агрегаттарда іске асырылатын жұмыс барысынан, сондай-ақ қалыпты пайдалану жүктемелерінен туындаған зақымданулар сақтандыру жағдайларына жатпайды, атап айтқанда:

- 1) жекелеген агрегаттардың (жүйелердің) пайдалану барысында тозуынан және ескіруінен, ақаулардан және жұмыс үдерісінің әрекетінен, ілеспелі факторлардан туындаған зақымдануы және істен шығуы, егер сондай зақымданулар мен істен шығудың салдары сол агрегаттардың (жүйелердің) ішінде тоқтатылған болса;
- 2) пайдалану шарттары мен жүктемелердің ықпал етуіне байланысты жинақтаушы немесе үдемелі сипаты бар (тозығы жетіп жарылу, тотығу, қабаттасу және т.с.с.) агрегаттардың жекелеген детальдарының зақымдануы;
- 3) қозғалтқыштың компрессор қалақшаларының, әуе бұрамаларының, сыртқы қаптау элементтерінің және әуе кемесінің басқа агрегаттарының жергілікті зақымданулары (ішіне майысуы және ұрылған жерлері), егер олар әуе кемесімен болған және тіркелген нақты оқиғалардың себебі болмаған болса және әуе кемесінде ұшудан кейін тексеру кезінде немесе регламенттік жұмыстарды орындау кезінде анықталған болса; қозғалтқыштың газ-ауа жолына бөтен заттардың түсуінен компрессор қалақшаларының зақымдануы – сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады, егер ондай зақымдану ұшу немесе басқару барысында қозғалтқыштың тіркелген істен шығуының себебі болып табылса.

6.2. Төменде көрсетілгендердің нәтижесінде әуе кемесінің жойылуы (хабар-ошарсыз жоғалуы), зақымдануы – сақтандыру жағдайлары болып табылмайды және олар үшін сақтандыру төлемдері төленбейді:

- 1) әуе кемесін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілмеген мақсаттарда пайдалану;
- 2) әуе кемесінің Сақтандыру шартында көрсетілген пайдалану аумағынан тыс географиялық аумақтарда болуы, егер ол еңсерілмейтін күштер жағдайымен байланысты болмаса (№1 Қосымша);

3) әуе кемесін Сақтандыру шартында қарастырылмаған немесе Сақтандыру шартында көрсетілген біліктіліктен төмен біліктілігі бар адамдардың басқаруы немесе жерде уәкілеттігі жоқ немесе басқаруға құқығы жоқ адамның басқаруы;

4) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданғаннан кейін тасымалдауды және әуе кемесін әуежай аумағында штатты құрылғылармен сүйреуді қоспағанда, әуе кемесін көліктің кез келген түрімен тасымалдау;

5) егер еңсерілмейтін күштер жағдайымен байланысты болмаса, аталған әуе көлігінің түріне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін әуежайды (алаңды) ұшу және қону үшін пайдалану;

6) жолаушылар саны, жүктің салмағы және габариттері бойынша әуе кемесінің жүктеудің шекті нормаларынан асырып, сондай-ақ орталықтауды бұзып ұшу;

7) Ұшу шарасы әуе кемесін ұшуға пайдалануды басқаруға сәйкес немесе арнайы уәкілетті органның рұқсатымен және ұшуға Сақтандырушының жазбаша келісімін алған кезде жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, әуе кемесін ақаулы күйде ұшуға шығару. Бұл ретте Сақтандырушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы;

8) әуе кемесін техникалық қызмет көрсету аяқталмаған кезде ұшуға жіберу; әуе кемесіне кемелді емес жанар-жағармай материалын құю;

9) Сақтанушының (Пайда алушының) оның жұмыскерлерінің немесе өкілдерінің әуе көлігін пайдалануды, күзетуді, жөндеуді қауіпсіз жүзеге асыру бойынша белгіленген қағидаларды, талаптарды, нұсқауларды (өсиеттерді), сондай-ақ әуе көлігін қауіпсіз пайдалануға, әуе көлігін басқаруға, ұшуды ұйымдастыруға және ұшуды қамтамасыз етуге қатысты құзырлы органдардың лауазымды тұлғалары қойған талаптарды орындамауы.

6.3. Төменде көрсетілгендердің салдарынан әуе кемесінің жойылуы (жоғалуы) немесе зақымдануы – сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

1) радиоактивтік, улағыш, жарылғыш немесе қауіпті қасиеттері бар кез-келген жарылғыш ядролық қондырғыдан немесе оның ядролық құрамдас бөлігінен келген залалдар (№ 2 Қосымша);

2) иондаушы радиациядан, немесе кез-келген басқа радиоактивті көзден радиоактивті зақымданудан, немесе улағыш, жарылғыш қасиеттерінен, немесе сондай радиоактивті көздің басқа да қауіпті қасиеттерінен келген залал (№ 2 Қосымша);

3) әскери тәуекелдерден, террорлық актілерден және басқа қауіптерден – егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса (№3 Қосымша);

4) лайықты түрде танитын компьютерлік және бағдарламалық қамтаманың немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушының немесе кез келген басқа тұлғаның меншігіндегі) қабілетсіздігінен келген залал, жылдың, күннің немесе уақыттың мәндерін ауыстыру немесе көшіру (№ 4 Қосымша);

5) Сақтанушының немесе кез келген үшінші тұлғаның меншігіндегі кез келген аппараттық немесе бағдарламалық қамтаманың, немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің кез келген өзгеруінен немесе жаңартылуынан келген залалдар, ескерту үшін немесе жылдың, күннің, уақыттың мәнін ауыстыруға жауап ретінде, немесе өкімдермен, немесе мәндердің кез келген ауысуына байланысты қызмет көрсетумен немесе жаңалаумен байланысты залалдар.

6.4. Келесілер сақтандырумен өтелмейді:

1) жанама түрдегі залалдар (әуе кемесін ұстап қалу немесе кешігу, тасымалдау келісімшартын бұзу немесе жою салдарынан тұрақсыздық төлемдері, залалдар, келісімшарттық айыппұлдар және т.с.с.);

2) сақтандыру жағдайынан кейін сақтандырылған әуе көлігін немесе оның жекелеген агрегатын пайдалану мүмкін болмауға байланысты жіберіп алған олжа немесе қосымша шығындар;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, әуе кемесінің тауарлық көрінісін жоғалту;

4) сақтандыру жағдайына және оның кез келген уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізу бойынша шығындар (мемлекеттік баждар, көшірмелерін жасауға, нотариалдық куәландыруға, бағалауға/сараптамаға кеткен шығындар, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметі үшін төлемдер және т.б.);

5) кез келген тұлғаларға зиян (залал) келтіргені үшін Сақтанушының жауапкершілігі;

6) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін туындаған, бірақ сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін анықталған залалдар;

- 7) Сақтандыру шартында қарастырылған көлемдер мен сомалардан асатын мөлшерде келген залалдар.
- 6.5. Егер ол негіздер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Әуе көлігін ерікті сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздері қарастырылуы мүмкін.
- 6.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде шағым беруі мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

- 7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан астам мерзімге жасалуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартына қол қойған күннен кейін, сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.
- 7.2. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяғына дейін Сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасы мен франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.
- 7.3. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер орын алса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы ол жөнінде Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті. Әрқандай жағдайда да: ұшу бағытының өзгеруі, әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету шарттарының өзгеруі, экипаждың ауысуы және т.с.с. – маңызды өзгерістер деп саналады.
- 7.4. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабар алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
- 7.5. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы жұмсаған шығындар мен сақтандыру қолданылған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады.
- 7.6. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген залалдарды өтеуді талап етуге, ал егер сақтандыру жағдайы басталып кетсе – сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.
- 7.7. Сақтандырушының жазбаша келісімі болған кезде, Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте әлі әуеде (рейсте) болған әуе кемесіне қатысты сақтандыру мерзімін ол түсірілгенге дейін ұзарту Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін.
- 7.8. Сақтандыру шарты бұрынғыдай шарттармен жаңа мерзімге қайта жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын жаңа мерзімге сақтандыру қорғанысының кезеңін үзбей қайта жасау үшін Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу мақсатында 10 (Он) күнтізбелік күнге жеңілдік кезеңі беріледі. Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жаңа мерзімге қайта жасау ниеті туралы хабарлау арқылы алдын ала жазбаша жүгінуі және сақтандыру сыйлықақысын немесе алғашқы сақтандыру жарнасын белгіленген мөлшерде, жеңілдік кезеңі аяқталғанға дейін шұғыл төлеуі – жоғарыда аталған жеңілдік кезең ішінде туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеу шарттары болып табылады.
- 7.9. Сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында көрсетілген елдердің әуе кеңістігінде әуе кемесінің ұшу аудандарының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты қолданысының географиялық шегі әрі кеңейтілуі, әрі тарылтуы мүмкін. Әрқандай жағдайда да сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.10. Әуе кемесін жолаушылардың өмірін құтқару мақсатында және әуе кемесін одан әрі ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, белгіленген бағыттан ауытқу – Сақтандыру шартының талаптарын бұзған болып саналмайды.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің осы әуе кемесін пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, оның ішінде күй-жайына ықпал ететін мән-жайларға, тауарлық көрінісіне, сақталуына, орналасқан орнына қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру туралы өтінішпен қоса, Сақтанушы Сақтандырушыға келесідей құжаттардың түпнұсқаларын/көшірмелерін беруге міндетті:

- 1) пайдаланушының сертификаты;
- 2) әуе кемесіне меншік құқығын растайтын құжат (Әуе кемесін сатып алу-сату келісімшарты, тендер өткізу туралы хаттама және т.б.);
- 3) мүліктік жалдауды, лизингіні, сенім білдіру арқылы басқаруды, сондай-ақ әуе кемесін басқалай пайдалануды растайтын құжаттар;
- 4) әуе кемесіне меншік құқығын, мүліктік жалдауды, лизингіні, сенім білдіру арқылы басқаруды, сондай-ақ әуе кемесін басқалай пайдалануды растайтын құжаттарға қабылдау-өткізу актісі;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы органдарының әуе кемесін меншікке сатып алуға, мүліктік жалдауға, лизингіге, сенім білдіру арқылы басқаруға, сондай-ақ әуе кемесін басқалай пайдалануға рұқсаты (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін);
- 6) әуе кемесінің техникалық күй-жайын тексеру және жарамдылығын айқындау актісі;
- 7) ұшуға жарамдылық сертификаты (әуе кемесін ұшуға пайдаланған кезде);
- 8) әуе кемесінің түрі туралы сертификат (аса жеңіл авиацияның әуе кемелері үшін экземпляр туралы сертификат немесе түрі туралы сертификат);
- 9) борт журналы (ұшақтың/тікұшақтың борт журналы, ұшақтың/тікұшақтың санитарлық борт журналы);
- 10) борт радиостанциясы туралы лицензия.

8.3. Сақтандырушы келесідей құжаттарды қосымша сұратуы мүмкін:

- 1) ұшуға пайдалану бойынша нұсқаулық;
- 2) пайдаланушының ұшу шараларын жүзеге асыру бойынша нұсқаулық;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптарымен қарастырылған, ұшу шараларын жүзеге асыру үшін қажет аэронавигациялық және басқа құжаттар.

8.4. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Сақтандырушы Сақтанушыға себептерін түсіндірмей-ақ Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Сақтандыру шарты жазбаша түрде келесідей жасалады:

- 1) Тараптардың Сақтандыру шартын әзірлеуі немесе электронды түрде;
- 2) Сақтанушыны Сақтандыру біржақты тәртіпте әзірлеген үлгілік Сақтандыру ережесінің шарттарына қосады және Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін береді.

8.6. Сақтандырушы сақтандыруға қабылдап жатқан мүлікті қарап тексереді, ал қажет жағдайда оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындайды. Сараптама үшін төлем жасау шарттары Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін жоғарыда аталған құжаттар Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып саналады.

8.7. Егер Келісімшарт жасау барысында пайдалану қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін ақаулар анықталса, онда ол әуе кемесі аталған ақауларды жойғаннан кейін ғана сақтандыруға қабылдануы мүмкін. Әуе

көлігінің Сақтандыру шартын жасау сәтінде ақаулары болған детальдары үшін (тораптар, агрегаттар) Сақтандырушы жауапты болмайды.

8.8. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.9. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға артылады.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтанушы немесе Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талапты жазбаша түрде, сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды қоса ұсынады.

9.2. Сақтандырушы залалдың мөлшерін жүргізген тексерудің және өзі жасаған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған әуе көлігі құралының құнын есепке ала отырып белгілейді. Бұл ретте, Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама бастамашы Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

9.3. Әуе кемесі толығымен опат болған немесе хабар-ошарсыз жоғалып кеткен жағдайда Сақтандырушы өзінің қалауы бойынша не Сақтанушыға сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін төлейді, не болмаса әуе кемесінің орнына басқа әуе кемесін ұсынады. Бұл ретте:

1) Сақтанушы опат болған немесе хабар-ошарсыз жоғалып кеткен әуе кемесінің орнына ұсынып жатқан әуе кемесі бірдей түрде (модельде), бұрынғы әуе кемесімен ұқсас күй-жайда (планердің және қозғалтқыштың ресурсы, басқа да пайдалану-техникалық сипаттамалары) болуы тиіс;

2) Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлегеннен кейін шығынға жазылған әуе кемесінің немесе оның кез келген агрегаттарының (бөлшектерінің), барлық тіркеу құжаттары мен иелік ету құқығы туралы құжаттарға меншік иесі болу құқығына ие болады.

9.4. Конструктивтік опат болған жағдайда Сақтандырушы өзінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырады және зақымданған әуе кемесінің қалдықтарын сатудан түскен ақшаға құқық алады немесе сақтандыру сомасы мен әуе кемесінің қалдықтарының құны арасындағы айырмашылықты төлейді.

9.5. Әуе кемесі зақымданған жағдайда, егер сақтандыру сомасы әуе кемесінің сақтандыру құнына иен болса, Сақтандырушы төменде көрсетілген шығындар үшін төлем жасайды:

1) Сақтанушының апаттық жөндеу жұмыстары үшін жұмсаған нақты шығындары, оның ішінде қосалқы материалдар мен қосалқы бөлшектерді, құрал-саймандарды сатып алуға, әуе кемесінің тағйындалған техникалық ресурсының жұмысын сол ресурсқа шаққанда толық атқармаған бөлшегіне тең көлемде – сақтандыру жағдайы басталған сәтте ең көп жұмыс атқарған көрсеткіштерінің бірі бойынша әуе кемесін сынауды бақылауға кеткен шығындар;

2) зауып жағдайында жөнделген немесе ресурстарды жөндеу жұмыстарының аралығында зақымдануына байланысты сол агрегаттардың жұмысын атқармаған ресурсына (сағаттарға, кезеңдерге, қонуға) тең ауыстырылған әрбір агрегатқа кеткен шығындар;

3) зақымданған әуе кемесі орналасқан жерге жұмысшыларды, материалдарды, қосалқы бөлшектер мен агрегаттарды жеткізуге, сондай-ақ оқиға орын алған жерден базалық әуежайға (жөндеу кәсіпорнына) ұшуға кеткен шығындар;

4) әуе кемесінің базалық әуежайға қайтару немесе оқиға орын алға жақын, әуе кемесін пайдалануға болатын әуежайға жеткізу бойынша кеткен шығындар, қай нұсқасы ең тиімді болуына қарай;

5) зақымданған әуе кемесінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша шығындар.

Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, осы тармақтың 3)-5) тармақшалырында көрсетілген шығындарды Сақтандырушы – ол шығындар дұрыс, экономикалық тұрғыдан ең тиімді тәсілмен, сақтандыру сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылған жағдайда ғана өтейді.

9.6. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтандыру төлемінің мөлшері зақымданған бөлшегі үшін белгіленген, «сақтандыру сомасында әуе кемесінің құрамдас бөлшегі

құнының меншікті салмақтарының кестесінде» (№5 Қосымша) көрсетілген сақтандыру сомасының үлесінен аспауы тиіс.

9.7. Сақтандыру төлемінің сомасынан Сақтандыру шартында белгіленген франшиза және егер Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу қарастырылмаған болса, Сақтанушы төлемеген сақтандыру сыйлықақысының бөлігі шегеріледі.

9.8. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер арнайы келісілмеген болса, «Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.9. Сақтандыру төлемінің сомасына келесілер енгізілмейді:

- 1) әуе кемесінің қалдықтарын жинау және жою бойынша шығындар – егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса,;
- 2) әуе кемесі хабар-ошарсыз жоғалып кеткен жағдайда оның іздеу жұмыстарына кеткен шығындар – егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса;
- 3) әуе кемесін қайта жабдықтауға, жаңаландыруға, толықтауға кеткен шығындар, сондай-ақ сақтандыру жағдайына байланысты емес, бірақ сақтандыру жағдайына байланысты апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізуге кезінде анықталған зақымдануларды жөндеуге кеткен шығындар;
- 4) сақтандырылған әуе кемесін қалпына келтіру бойынша жедел жөндеу жұмыстарынан туындаған Сақтанушының қосымша шығындары;
- 5) басқа да мақсатқа сай емес шығындар.

9.10. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.11. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

9.12. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.13. Төменде көрсетілген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы:

- 1) егер сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың түпнұсқалылығына уәжді күмәні болса – қажет дәлелдемелер ұсынылған уақытқа дейін;
- 2) егер тиісті органдар Сақтанушыға (Пайда алушыға), оның жұмыскерлеріне немесе оның уәкілетті тұлғаларына қарсы қылмыстық іс қозғаған болса және залалдардың басталуына әкелген мән-жайларды тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса – тергеу аяқталғанға дейін.

9.14. Бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспауы тиіс.

9.15. Залалдың туындау себептері мен оның мөлшері туралы Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда әр Тарап дауды сараптама жүргізу арқылы шешуді ұсынуға құқылы. Сарапшының қызмет ақысын сараптама тағайындаған Тарап төлейді.

9.16. Егер Сақтанушыға келген зиянды басқа тұлға өтесе, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өтеуі тиіс сома мен басқа тұлға өтеген сомасының арасындағы айырмашылықты ғана төлейді.

9.17. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған талап қою мерзімі ішінде заң бойынша немесе осы Ережеге сәйкес Сақтанушыны немесе Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы немесе Пайда алушы алған сақтандыру төлемін (немесе оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.18. Егер жоғалту/іс-түзсіз жоғалу тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін төлегеннен кейін әуе көлігі табылып жатса, Сақтанушы/Пайда алушы келесілерге міндетті:

- 1) ол жөнінде Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға;
- 2) егер әуе кемесінің зақымданған жерлері болса, басталған сақтандыру жағдайына қатысты Сақтандыру шартында қарастырылған барлық қажет әрекеттерді жасауға және құжаттарды ұсынуға.

Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдағаннан және артық төленген сақтандыру төлемін қайтару туралы талап ұсынғаннан кейін сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін Сақтандырушыға жедел қайтаруға;

3) егер әуе кемесінің зақымданған жерлері болмаса, Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жедел қайтаруға.

9.19. Егер жоғалған (ұрланған) мүлік туралы құзырлы органдарға хабарланбаған болса немесе уақытылы хабарланбаған болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін сол мүлікке қатысты бөлігінде ғана төлеу міндетінен азат етіледі.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

1) ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін ақылға қонымды және туындаған жағдайда қол жетімді шаралар, оның ішінде әуе кемесін құтқару және сақтап қалу шараларын қолдануға;

2) құзырына қарай, тиісті органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдарының бөлімшелері, өрт сөндіру қызметі органдары, апат қызметтері, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы шұғыл хабарлауға;

3) уәкілетті мемлекеттік және басқа құзырлы органдардың оқиғаны құжатпен рәсімдеуін қамтамасыз етуге;

4) шұғыл түрде, әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

5) зақымданған әуе кемесін Сақтандырушының өкілі оны тексергенге дейін ол зақымданған/опат болған сәтінде қандай күйде болған болса, тура сондай күйде сақтауға (егер ол қауіпсіздік мүддесіне қарсы болмаса немесе залалдың артуына әкелмесе);

6) Сақтандырушының өкіліне зақымданған әуе көлігін кедергісіз барып көру мүмкіндігін, залалдарды азайту және әуе кемесін құтқару шараларына қатысуды қамтамасыз етуге;

7) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға көмектесуге, оның ішінде сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пікір қалыптастыруға болатын өзіне қолжетімді барлық ақпараттар мен құжаттарды Сақтандырушыға беруге, сонымен қатар Сақтандырушының өкілінің авиациялық оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз етуге;

8) жәбірленуші болып саналмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде шұғыл хабарлауға;

9) егер сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушы әрі Сақтандырушының, әрі Сақтанушының мүдделерін қорғау үшін өзінің өкілін тағайындау керек деп санаса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға аталған мүдделерді қорғау үшін сенімхат немесе басқа да қажет құжаттарды беруге. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сотта Сақтанушының мүддесін қорғауға, немесе Сақтанушыны басқалай түрде құқық тарапынан қорғауға құқылы, бірақ міндетті емес;

10) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу, оның ішінде сараптама жүргізу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және олардың кеңесін алу үшін төлем жасау, қажет құжаттарды жинау ауыртпалығын көтеруге;

11) барлық құжаттар мен дәлелдемелерді Сақтандырушыға беруге және келген залал үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушыға көшкен кері талап қою құқығын жүзеге асыру үшін барлық мәліметтерді оған беруге;

12) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да әрекеттерді орындауға.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Пайда алушы) төменде көрсетілген құжаттарды өткізуге міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Сақтандыру шартының түпнұсқасы/көшірмесі;
- 3) әуе кемесін тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы/көшірмесі;
- 4) пайдаланушының сертификатының түпнұсқасы/көшірмесі;
- 5) әуе кемесінің техникалық жағдайын тексеру және жарамдылығын анықтау туралы акті;
- 6) құзырлы органдар берген тиісті құжаттардың түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалары куәландырған көшірмелері:
 - а) *авиациялық апат кезінде* – комиссиялардың, тергеу, сыныптандыру және авиациялық апаттарды есепке алуды жүргізетін, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құзырлы органдардың/тұлғалардың актілері/қорытындылары;
 - б) *авиациялық оқиға кезінде* - ведомстводан тыс мемлекеттік комиссияның қорытындысы; комиссиялардың, тергеу, сыныптандыру және авиациялық апаттарды есепке алуды жүргізетін, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құзырлы органдардың/тұлғалардың актілері/қорытындылары;
 - в) *дүлей апаттар кезінде* – өрт сөндіру органдарының, гидрометеозкызметтің, апат қызметтерінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік бөлімшелерінің, мемлекеттік комиссиялардың, комиссиялардың, Сақтандыру шартында қарастырылатын оқиғаларға сақтандыру жағдайы ретінде тергеу, сыныптандыру және есепке алуды жүзеге асыратын, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құзырлы органдардың актілері, қорытындылары;
 - г) *үшінші тұлғалар құқыққа қарсы әрекеттер жасаған кезде* – прокуратура, тергеу, жауап алу органдарының, сот органдарының, өртті қадағалау органдарының құжаттары (қылмыстық іс қозғау туралы немесе қозғаудан бас тарту туралы, уақытша тоқтату, тоқтату туралы қаулылар), оқиға орнын тексеру хаттамасы, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы, сот үкімі), Сақтандыру шартында қарастырылатын оқиғаларға сақтандыру жағдайы ретінде тергеу, сыныптандыру және есепке алуды жүзеге асыратын, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құзырлы органдар әзірлеген, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құжаттар;
- 7) тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүргізген әуе кемесіне залал келген соманы анықтау бойынша сараптамалық бағалау актісі;
- 8) Сақтандырушының сарапшыларымен және жұмыстарды жүргізушімен алдын ала келісілген апаттық жөндеу жұмыстарының жоспары және шығындар сметасы;
- 9) Сақтандырушы келген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажет құжаттар;
- 10) Сақтанушыға келген, Сақтандыру шарты бойынша өтелетін шығындарды растайтын құжаттар.

11.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) әуе көлігіне мүддесін, сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдың мөлшерін растайтын басқа да құжаттарды ұсынуға құқылы.

11.3. Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Шартта және Сақтандыру ережесінде жазылған қосымша құжаттарды (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Шарт жасасу/полисті ресімдеу күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған), егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және оның мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, талап етуге құқылы залал

11.4. Егер ол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау мүмкін болмаса, немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, жекелеген жағдайларда Сақтандырушы өзге де құжаттарды өткізуді талап етуге құқылы.

11.5. Сақтанушы/Пайда алушы қарапайым немесе уәкілетті тұлға куәландырған көшірмелерді ұсынған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін Сақтанушының/Пайда алушының талабы бойынша құжаттардың түпнұсқалары (Сақтандырушының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес) тиісті тұлғаға қайтарылуы мүмкін.

11.6. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.7. Сақтанушы Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

11.8. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша істі жүргізіп жатқан құзырлы органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға сауалхатты өзі дербес жіберуге құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 3) осы Ережеде қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 4) Сақтандырушы және (немесе) жүзеге асырған келген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;
- 5) сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда, тәртіпте және мерзімдерде алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағым беруге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) сақтандырылған әуе кемесі немесе оның жекелеген агрегаттарына қатысты басқа да қолданыстағы сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандырушыға Сақтандыру шартында хабарлаған мән-жайлардағы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде өзіне белгілі болған едәуір өзгерістер туралы Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға, егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал ететін болса;
- 5) Сақтандыру шартында көрсетілген әуе кемесіне иелік ету, билік жүргізу және оны пайдалану құқықтарының өзгергені туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасауға және оның қолданыс мерзімі ішінде пайдалануға байланысты іс-шараларды жүргізуі үшін қажет шарттар жасауға (әуе кемесін, сараптама жүргізу, оған техникалық қызмет көрсету және оны пайдалану шарттарын тексеру, сақтандыру жағдайын тергеуге қатысу және т.б.);
- 7) аэронавигация, ұшу үшін және әуе кемесін техникалық пайдалану және оған қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтың (кеңестердің) талаптарын сақтауға, қолданыстағы ережелермен талап етілетін әуе кемесі туралы барлық қажет құжаттамаларды жүйелі түрде жүргізуге және ол құжаттарды Сақтандырушының немесе оның өкілінің талабы бойынша соған беруге;
- 8) әуе кемесін қауіпсіз пайдалануға және әуедегі әрекеттерді басқаруға қатысты құзырлы ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан келген өкімдерді орындауға;
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 10) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

12.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы ұсынған құжаттар мен ақпараттардың шынайылығын Сақтандыру шартын жасау кезінде және сақтандыру төлемін төлеу кезінде тексеруге, сондай-ақ Сақтандыру шартының талаптарын сақтауды талап етуге;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын, сондай-ақ залалдың себептері мен мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға және Сақтанушы ұсынған құжаттар мен дәлелдемелерді зерттеуге ;
- 4) құзырлы органдардан сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың себептері мен мөлшерін айқындау үшін қажет мән-жайларды растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) осы Ережеде қарастырылған жағдайларды және тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 6) осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
- 7) келген залалдың мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 8) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға, Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, мерзімде және тәртіпте сақтандыру төлемін төлеуге (немесе төлеуден бас тартуға);
- 3) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның дубликатын беруге;
- 4) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдардың алдын алу немесе залалдарды азайту мақсатында келген шығындарды оған өтеп беруге.
- 5) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

12.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданыс кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалған Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;
- 4) Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шағым білдіруге;
- 6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

12.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.
- 13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
 - 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
 - 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.
- 13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.
- 13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:
- 1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуді;
 - 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.
- 13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2-тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары Сақтанушыға кері қайтарылмайды.
- 13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 13.8. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.
- 13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.3. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0

5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және Сақтандыру шартымен басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті (сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін).

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы. Ол құқықтардың ауысуы Сақтандыру шартында рәсімделуі мүмкін.

14.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен өзінің сақтандырылған объектіге құқықтарын Сақтандырушыға шегінуге және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуға құқылы.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылып жатқан объектілерге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Әуе көлігін екі жақты сақтандыру кезінде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
 - а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
 - б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
 - в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
 - г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы №88 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына (9.10-9.12 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді).

Сондай-ақ Қағиданың 13.5. тармағының 1) тармақшасы өзгертілген.

Әуе көлігін ерікті сақтандыру
ережесіне
№1 Қосымша

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАРДЫ АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Төменде көрсетілген 2 және 3-тармақтардың кез келген қарама-қайшы ережелері мен шарттарына қарамастан, бұл Полис төменде көрсетілген елдер мен өңірлердің аумағында туындаған әрқандай зияндарды, залалдарды немесе шығыстарды өтемейді:

- 1) Алжир, Кабинда, Бурунди, Орталы Африка Республикасы, Конго, Конго Демократиялық Республикасы, Эритрея, Эфиопия, Кот-д'Ивуар, Либерия, Нигерия, Мавритания, Сьерра-Леоне, Сомали, Судан;
- 2) Колумбия, Эквадор, Перу;
- 3) Әуғанстан, Шешенстан/Ингушетия, Таулы Қарабах, Пәкістан, Йемен, Джамму және Кашмир, Солтүстік Корея, Мьянма, Непал;
- 4) Грузия, Таулы Қарабах, Солтүстік Кавказ федеральдық округі.
- 5) Шри-Ланка, Иран, Ирак Ливия, Сирия, Йемен;
- 6) Сақтандырылған кемеңің ұшу шаралары БҰҰ санкцияларына қайшы келетін кез келген ел.

2. Алайда, келесідей жағдайларда өтемақы төленбейді:

- а) егер ұшу шарасы халықаралық келісілген әуе дәлізінің ішінде орындалып жатса және I.C.A.O. ұсынысына сәйкес орындалып жатса, жоғарыда аталған елдердің аумағы арқылы ұшу.
- б) егер Сақтандырылған кеме тікелей бару бағытын бойынша және тек қана форс-мажор жағдайының салдарынан осы Ескертпеде көрсетілген елге қонған болса, мүдделі тұлғаларды (Тараптардың) 72 сағат ішінде хабардар еткен кезде.

3. Осы Ескертпеге енгізілген кез келген елді Сақтанушы ұшу шараларын орындаудан бұрын, келісілген шарттармен сақтандыру өтемінің тізіміне енгізуі мүмкін.

LSW617G (03.08.2011)

Әуе көлігін ерікті сақтандыру
ережесіне
№2 Қосымша

ЯДРОЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

(әуе кемелерін және әуе кемелері иелері мен авиатасымалдаушылардың АҚЖ сақтандыру кезінде қолданылады)

1. Кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе төменде көрсетілген жағдайлардың орын алуының нәтижесінде әрқандай зиян келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

- а) радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе кез келген жарылу қаупі бар ядролық құрылғының және оның ядролық құрамдас бөлшектерінің басқа да қауіпті қасиеттерінің салдарынан;
- б) радиоактивті қасиеттердің, немесе уытты, жырылғыш немесе басқа қауіпті қасиеттермен радиоактивті қасиеттердің комбинациясының, кез келген радиоактивті материалды жүк ретінде тасымалдау кезінде, оның ішінде оны сақтау және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу барысында;
- в) иондаушы радиацияның немесе басқа радиоактивті көзден радиоактивті жұқтырудың салдарынан, немесе уытты, жарылғыш немесе кез келген радиоактивті көздің қауіпті қасиеттерінің салдарынан.

2. Осы Ережеге сәйкес, осы Ереженің 1-тармағының б) және в) тармақшаларында көрсетілген радиоактивті материалдарға немесе радиоактивті көздерге келесілер жатпайды:

- а) қуаты азайтылған уран немесе кез келген формадағы табиғи уран;
- б) өңдеудің соңғы кезеңіне жеткен және ғылым, медицина, ауыл шаруашылық, білім беру немесе өндірістік мақсаттарында пайдалануға жарамды радиоизотоптар.

3. кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе әрқандай зиян келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып саналмайды, егер:

- а) Сақтанушы басқа Сақтандыру шарттары бойынша, оған атом қуатын пайдалануға байланысты зиян келтіргені үшін Жауапкершілікті сақтандыру шартын қоса, Сақтандырылушы тұлға немесе серіктес Сақтандырушы болып табылса;
- б) кез келген жеке тұлға немесе ұйым (Сақтанушыдан басқа) Сақтандырылған әуе кемелері пайдаланылып жатқан елдердің заңнамаларына сәйкес қаржылық қорғанысты қамтамасыз етуге міндетті;
- в) егер сақтандыру сол объектіге қатысты қолданылмағанда, Сақтанушы кез келген үкіметтің немесе соның ұйымының оған залалдарды өтеуіне құқылы.

4. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген радиоактивті материалдың немесе радиоактивті көздердің әсерінен туындаған апаттың нәтижесінде кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе әрқандай зиян келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі төмендегідей жағдаяттарда сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылуы мүмкін:

- а) қандай да бір радиоактивті материалды жүк ретінде тасымалдау, оған оны сақтауды және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса, IATA-ның «Қауіпті жүктерді әуемен қауіпсіз тасымалдау бойынша техникалық нұсқаулығына» сәйкес немесе заңнаманың қатаң талаптарына сәйкес;
- б) жоғарыда көрсетілген апат сақтандырудың қолданысы кезінде орын алған және сақтандыру туралы өтініш Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде келіп түседі;
- в) радиоактивті ластанудың деңгейі Кестеде көрсетілген максималды рауалы деңгейден асады;
- г) осы Ереженің 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылған сақтандырудың қолданысы Сақтандырушы Сақтанушыға тоқтату туралы жазбаша түрде хабарлаған сәттен бастап 7 тәулік ішінде тоқтатылуы мүмкін.

<p align="center">Сәулелендіргіш (МАГАТЭ-нің қауіпсіздік нормалары)</p>	<p align="center">Жер қабатын радиоактивті ластанудың максималды рауалы деңгейі (300 см² астам алаң бойынша орташаландырылған)</p>
Бета, гамма сәулелендіргіштер, сондай-ақ уыттылығы төмен альфа-сәулелендіргіштер	ең көбі 4 Бк\см ² (0,1 нКи\см ²)
Барлық басқа сәулелендіргіштер	ең көбі 0,4 Бк\см ² (0,01 нКи\см ²)

AVN 38B (22.07.96.)

Әуе көлігін ерікті
 сақтандыру ережесіне
№3 Қосымша

ӘСКЕРИ ТӘУЕКЕЛДЕРДЕН, ҰРЛАП АЙДАП ӘКЕТУДЕН ЖӘНЕ БАСҚА ҚАУШТЕРДЕН САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

(әуе кемелерін және әуе кемелері иелері мен авиатасымалдаушылардың АҚЖ сақтандыру кезінде қолданылады)

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың салдарынан туындаған апаттардың нәтижесінде кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

- а) соғыс, интервенция, шетелдік дұшпандардың актілері, әскери қимылдар (соғыс жариялау арқылы немесе соғыс жарияламай), азаматтық соғыс, бүлік, революция, көтеріліс, әскери жағдай, әскери биліктің немесе билікті заңсыз басып алған күштердің әрекеттері, немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері;

- б) атомдық немесе ядролық жарықшақтануды және/немесе синтезді немесе кез келген ұқсас реакцияны, радиоактивті күшті немесе материалды қолдану арқылы кез келген қару арқылы жарылыс жасау;
- в) ереуіл, бүлік, азаматтық бағынбау актілері немесе жаппай тәртіпсіздіктер;
- г) тәуелсіз мемлекеттік агенттері болып табыла ма, табылмай ма, оған қарамастан, бір немесе бірнеше тұлғаның саяси немесе террористік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әрекеті, ондай әрекеттердің нәтижесінде кездейсоқ немесе әдейі кез келген мүлік жойылғанына немесе зақымданғанына қарамай;
- д) кез келген жаман ниеттегі әрекеттер немесе саботаж;
- е) тәркілеу, мемлекеттендіру, басып алу, тыйым салу, меншіктену, қандай да бір үкіметтің (азаматтық, әскери немесе de facto қолданыстағы) немесе мемлекеттік немесе жергілікті биліктің пайдалануы үшін немесе өкімі бойынша меншігіне реквизиция жасау;
- ж) әуе кемесінің бортындағы және Сақтанушының келісімінсіз әрекет етуші бір немесе бір топ адамдар жүзеге асырған әуе кемесін ұрлап айдап әкету, заңсыз басып алу немесе оған немесе экипажға ұшу кезінде күштеп бақылау жүргізу (сондай басып алудың немесе бақылаудың кез келген әрекетін қоса).

2. Сонымен қатар, жоғарыда аталған оқиғалардың нәтижесінде әуе кемесі Сақтанушының бақылауынан тыс болған уақытта орын алған кез келген зиян келтіру үшін кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып саналмайды.

Сақтанушы әуе кемесін еркін түрде өз бақылауына алған, сол әуе кемесін пайдаланған немесе оған өкім жүргізген сәттен бастап әуе кемесі Сақтанушының бақылауына оралған болып саналады.

Бұл ретте, әуе кемесі Сақтанушының пайдалануы үшін Сақтандыру шартында белгіленген әуе кемесін пайдаланудың географиялық аумақтары шегінде болған аэродромға толығымен жарамды күйде сәтті оралуы тиіс.

Егер әуе кемесі өшірілген қозғалтқышпен және оған үшінші тұлғалар тарапынан мәжбүрлеусіз тұрақта тұрған жағдайда – әуе кемесі сәтті оралған болып саналады.

AVN 48B (01.10.96.)

Әуе көлігін ерікті сақтандыру
ережесіне
№4 Қосымша

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ЖАБДЫҚ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА КҮНДЕРДІ ТАНУ КЕЗІНДЕ БОЛҒАН БҰЗЫЛУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАҒАН ЗАЛАЛДЫ САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ӨТЕУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ КӨЛЕМІНЕН АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде (тікелей немесе жанама түрде, толығымен немесе ішінара) немесе солардың салдарынан мүліктің зақымдануына, жоғалуына немесе жойылуына, келген шығындарға негізделген кез келген наразылық талаптар Сақтанушының міндеттемелері көлемінен шығарылып тасталады және кез келген наразылық талаптар бойынша сақтандыру өтемақысы төленбейді:

1) жылды, күнді немесе уақытты ауыстырғанға дейін немесе ауыстырғаннан кейін жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға байланысты кез келген компьютерлік жабдықтың, бағдарламалық қамтаманың, интегралдық схеманың, чиптің немесе ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) кез келген жылды, күнді немесе уақытты немесе ақпаратты дәл немесе толығымен ауыстырмауы;

2) жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға дайындау барысында немесе ауыстырудың нәтижесінде кез келген компьютерлік жабдықты, бағдарламалық қамтаманы, интегралдық схеманы, чипті немесе ақпараттық технологиялық жабдықты немесе жүйені (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) ауыстыруды немесе жаңартуды жүзеге асыру немесе ауыстыру әрекетін жасау, немесе сондай ауыстыруға немесе жаңартуға байланысты кеңестік және басқа қызметтер көрсету;

- 3) кез келген әрекеттердің салдарынан кез келген мүлікті немесе кез келген түрдегі жабдықты пайдаланудың мүмкінсіздігі, уақытты немесе күнді ауыстыруға байланысты Сақтанушының немесе кез келген үшінші тұлғаның тарапынан әрекеттер жасауға немесе шешім қабылдауға қабілетсіздігі;
- 4) Сақтандырушылардың осы Ескертпеге жататын сақтандыру наразылықтарына қатысты басқа наразылық-талап арыз білдіру жұмыстарын зерттеу немесе жүзеге асыру міндеттеріне қатысты осы Сақтандыру шартының кез келген талаптары қабылданбайды.

AVN 2000A

Әуе көлігін ерікті сақтандыру
 ережесіне
№5 Қосымша

ӘУЕ КЕМЕСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕРІНІҢ ҚҰНЫН ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ
(Ллойд Авиациялық Сақтандыру Институты қабылдаған Component Parts Clause AVN4-ке сәйкес келеді)

Осы Ескертпеде сақтандыру шартының талаптарына қайшы келетін ережелер қамтылуы мүмкін болуына қарамастан, осы құжат арқылы келесілер келісілді: сақтандырылған Әуе кемесінің кез келген құрамдас бөлшегі жоғалған немесе зақымданған жағдайда Сақтандырушының жауапкершілігі төмендегі 1-Кестеде көрсетілгендей, аталған құрамдас бөлшекке қатысты сақтандыру сомасының үлесінен аспайды. Мұндай үлеске жұмыстардың, материалдардың, ауыстырылатын бөлшектердің құны, тасымалдау шығындары және сондай залалды немесе зақымдануды қалпына келтіру барысында келген басқа ілеспелі шығындар қамтылады.

Кез келген жоғалған немесе зақымданған құрамдас бөлшекке (құрамдас бөлшектерге) қатысты көлік шығындарының өтелуі тиіс сомасы сондай құрамдас бөлшек (құрамдас бөлшектер) үшін қарастырылған жалпы сақтандыру құны үлесінің 15%-нан аспайды.

Сақтандырушы зақымданбаған бөлшектердің қажет бұзу, ашу, зерттеу, жөндеу, іріктеу және тасымалдау жұмыстарының құнын, сондай-ақ Әуе кемесінің сынамалық ұшу шарасын осы Сақтандыру шарты бойынша қабылданған кез келген наразылықтың 5%-ы дейінгі мөлшерде, бірақ Әуе кемесі бойынша сақтандыру сомасының 2%-нан аспайтын мөлшерде қосымша өтейді. Бұл ретте, кез әрқандай жағдайда да Сақтандырушының жиынтық жауапкершілігі сол Әуе кемесі бойынша сақтандыру сомасынан аспайды.

1-Кестеде көрсетілмеген Әуе кемесінің бөлігіне немесе жабдыққа залал немесе зақым келген жағдайда Сақтанушы Әуе кемесінің немесе жабдықтың нақты бөлігінің сақтандыру сомасы Әуе кемесінің бөлшегінің немесе жабдығының жалпы құнынан шегергендегі мөлшерді құрайтын залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

Барлық басқа жағдайларда Сақтандыру шартының талаптары мен ережелері қолданылады.

1-Кесте.

**Әуе кемесінің құрамдас бөлшектерінің сақтандыру сомасындағы
 меншікті салмақтарының
 КЕСТЕСІ**

Р. №	Құрамдас бөлшектердің атауы	Жалпы сақтандыру сомасында құрамдас бөлшек құнының максималды үлесі (%)				Тікұшақтар
		Ұшақтар				
		1 - 2 моторлы		3 - 4 моторлы		
		реактивті	винтті	реактивті	винтті	
1	Қозғалтқыштар	26,0	22,0	22,0	24,0	25,0
2	Ауа винтті	-	3,0	-	6,0	15,0

3	Редукторлар және трансмиссиялар	-	-	-	-	15,0
4	Фюзеляж центропланмен	26,0	25,0	28,0	23,0	20,0
5	Қанат және мотогоңдолдар	22,0	22,0	20,0	20,0	-
6	Ұшақ тіреуіші	4,0	5,0	5,0	5,0	5,0 (рөл винтің қоса)
7	Шасси	5,0	6,0	6,0	6,0	3,0
8	Борт жабдықтары мен құрал-саймандары	16,0	16,0	18,0	15,0	15,0
9	Қосалқы күш қондырғысы	1,0	1,0	1,0	1,0	2,0

AVN 4. (1.10.96)